

«Балақай» бөбекжай-балабақшасының кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының

ХАТТАМАСЫ

Шұбарқұдық ауылы

31 қаңтар 2023 жыл

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, педагогтар мен шаруашылық меңгерушісі, медбике, қамқоршылық комитетінің төрайымы;

Қатыспағандар: жоқ.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. «Балақай» бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өтуізу туралы;
2. Өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін комиссия құрамын бекіту туралы.
3. Өзін-өзі бағалауды жүргізуде міндеттемелерді бөлу.

1 мәселе бойынша меңгеруші М.Айтмағанбетованың сөзі тыңдалды:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ-нің 16.11.2022 жылғы № 2914 қатынасы негізінде, Ақтөбе облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Г.Сарсенғалиеваның 09.11.2022 жылғы бекітілген тізімі негізінде 2023 жылдың сәуір айында «Балақай» бөбекжай-балабақшаның мемлекеттік аттестациядан өту мерзімі анықталды.

Қамтылу мерзімі: 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары.

Төмендегі балабақша педагогтарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия құрамы жасақталынсын, атқаратын қызметтері бөлініп берілсін:

1. Айтмағанбетова Мейрамгуль Алиповна- меңгеруші- комиссия төрайымы,
2. Кантарбаева Нурсулу Коблановна- әдіскер- комиссия мүшесі,
3. Темирова Венера Бахбергеновна- тәрбиеші-комиссия мүшесі,
4. Алишева Айгулсын Олжабаевна-тәрбиеші-комиссия мүшесі,
5. Кожина Арайлым Асылбековна- хатшы.

Әдіскер Кантарбаева Н.К. сөзі тыңдалды:

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 449 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы) өзгерістер мен толықтырулар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының перспективалық жоспарлары мен циклограммалары педагогикалық кеңесте талқыланып, басшылықпен бекітілді.

2020-2021 оқу жылында оқу жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.10.№ 604 бұйрығымен (05.05.2020 жылғы № 182 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым

министрінің 20.12.2012 жылғы № 557 (12.05.2020 жылғы № 195 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар), «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» 1.2-қосымшалары «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарда оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты негізге ала отырып құрылды.

Топ тәрбиешілеріне тапсырмалар берілді. Жинақтау. Әдістемелік көмек көрсетілді.

Шаруашылық меңгерушісі мен медбикеге де міндеттемелер бөлінді.

Шешімі:

Комиссия мүшелері өздеріне бөлінген міндеттерді орындап, меңгеруші жанындағы кенесте қаралсын.

Төрайымы:  МАйтмаганбетова М.А.

Хатша:  Кантарбаева Н.К.

